

**«МДШО бар М.Сенгірбаев атындағы орта мектеп» мемлекеттік
коммуналдық мекемесі**

«Ер есімі – ел есінде» атты аудандық іс – шара туралы

хабарлама

«МДШО бар М.Сенгірбаев атындағы орта мектеп» мемлекеттік коммуналдық мекемесінде «Ер есімі – ел есінде» атты аудандық іс – шара өткізілді. Іс – шара бағдарламасы жасалып, бағдарламаға сәйкес іс – шара мектеп директоры А.Ж.Салимбаеваның алғы сөзімен басталды. Шараға аудан мектептерінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагог – ұйымдастырушылар, оқушылар және аудандық білім бөлімінің әдіскері К.К.Абуова қатысты. Аудан мектептерінен келген құрметті азаматтар мен азаматшалар Мұсабек Сенгірбаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қойып өтті. 5 сынып оқушылары Мұсабек Сенгірбаевқа арнап өз арнауларын айтып өтті. Мұсабек Сенгірбаевтың өмірбаянын және ерліктерін мектеп оқушылары 3 тілде таныстырылым жасады. «Еркіндігімнің айғағы» атты Әдемай балалар тобының орындауында хор айтылды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында театр қойылымы көрсетіліп, «Мәскеу түбіндегі шайқас» көрінісінен үзінді көрсетілді. Мектептің бишілер тобы «Шашу» қазақ биін билеп, өз өнерлерін көрсетті. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында аудан мектептері оқушыларының арасында дебат турнирі өткізілді. Дебатқа оқушылар белесене қатысып, I және II дәрежелі дипломмен, «Үздік аналитик», «Үздік оратор», «Үздік спикер» номинацияларымен оқушылар марапатталды. 11б сынып оқушысы Нұрахан Әселдің орындауында «Ән сал сарбаз» әнін орындап, 9а сынып оқушыларының орындауында композиция қойылды. Шараның соңында аудандық білім бөлімінің әдіскері К.К.Абуова өткізілген шараны өз сөзімен қорытындылап, шараны ұйымдастырушы мектеп әкімшілігіне алғыс білдірді.



Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Шайбаева М.Н